

2015 жылы Таран ауданы бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 шілдедегі № 187 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 шілдеде № 5766 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м. а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларының 10-тармағына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылғы 9-нан 10 шілдеге дейін субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Қосымшаға сәйкес 2015 жылы Таран ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.М. Сейдахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 25 сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Б. Өтеулин

Таран ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 3 шілдедегі
№ 187 қаулысына қосымша

2015 жылы Таран ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын оңтайлы себу мерзімдері

№ р/с	Субсидияланатын басым ауыл шаруашылық дақылдарының атауы	Себу мерзімдері

1	Жаздық бидай	15 мамырдан 12 маусымға дейін
2	Күздік бидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін
3	Жаздық қатты бидай	18 мамырдан 5 маусымға дейін
4	Күздік карабидай	25 тамыздан 10 қыркүйекке дейін
5	Қаракұмық	20 мамырдан 15 маусымға дейін
6	Тары	20 мамырдан 15 маусымға дейін
7	Арпа	15 мамырдан 15 маусымға дейін
8	Сұлы	15 мамырдан 15 маусымға дейін
9	Дәнді-бұршақты дақылдар	15 мамырдан 10 маусымға дейін
10	Күнбағыс	10 мамырдан 5 маусымға дейін
11	Рапс	20 мамырдан 8 маусымға дейін
12	Зығыр	12 мамырдан 5 маусымға дейін
13	Мақсары	10 мамырдан 2 маусымға дейін
14	Қыша	22 мамырдан 8 маусымға дейін
15	Арыш	18 мамырдан 10 қыркүйекке дейін
16	Қытай бұршағы	18 мамырдан 5 маусымға дейін
17	Картоп	5 мамырдан 10 маусымға дейін
18	Көкөністер	25 сәуірден 15 маусымға дейін
19	Бақша дақылдары	25 сәуірден 10 маусымға дейін
20	Мал азықтық дақылдар, оның ішінде бірінші, екінші және үшінші өсіп жатқан көпжылдық бұршақ тұқымдас шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден 31 тамызға дейін
21	Шабындық және (немесе) жайылымдық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	бірінші мерзім – 1 мамырдан 10 маусымға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден 31 тамызға дейін
22	Сүрлемдік жүгері мен күнбағыс	15 мамырдан 5 маусымға дейін
23	Сүрлемдік жүгері	15 мамырдан 5 маусымға дейін